

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
ҚР БҒМ ҒК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»

**VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

(2020 жылғы 27-28 қараша)

МАТЕРИАЛЫ

**VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ**

«КАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»

(27-28 ноября 2020 года)

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒАНДЫҚ БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ТӨТЕП БЕРЕ АЛА МА?

Аяганов А.Б., Алдибекова М.С.

Тұңғыш Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар ХХІ ғасырдың негізгі талаптары болып табылатыны сөзсіз. Себебі, білім алуға, салтанатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге, түрлі салада ұтымды жұмыс жүргізуге негізделген бағдарлама ұлтымыздың, яғни барша қазақстандықтардың дамуындағы нақты мақсаттарға жетудегі басымдықтардың бірі болып саналады. Осы орайда алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын нәрселерден бас тартып, ұлттық мәдениетімізді сақтай отырып білімнің салтанат құруына жолды кеңінен ашқанымыз абзал.

Тұңғыш Президентіміз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Таяу жылдардағы міндеттер» деп аталатын бағдарламаның екінші бөлімінде заман сынағына лайықты төтеп берудің нақты жобаларын ұсынып жаңғырудың негізгі қағидаларына сілтемелер келтіреді. Жалпы «Рухани жаңғыру»: таяу жылдардағы міндеттер бөлімі алты жобаны қамтиды. Осы бөлімдегі екінші жобада тарих, саясаттану әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасау үшін қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын Тұңғыш Елбасымыз ұсынды (Н. Назарбаев, 2017, 372 б.). Жаңашылдыққа деген ішкі ұмтылысымыз дамуымыздың ұстаным кілті болып табылады.

2017 жылдың 19 сәуірінде, мақала жарық көргеннен кейін бес күн өткенде қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын жүзеге асыруда Президент Әкімшілігінде А. Жақсыбековтың жетекшілігімен Ұлттық комиссия құрылды. Оның құрамына жазушылар, ғалымдар, мемлекеттік биліктің өкілдері және зиялы қауым мүшелері енді. Сонымен қатар бұл жұмысқа Қазақстан Халқы Ассамблеясында тартылған болатын. 2017 жылдың 26 сәуірінде өткен XXV сессияда Елбасы бизнес өкілдері мен ғылыми және шығармашыл интеллект топтарын өлкетану жобасы бойынша «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруға және оны тың идеялармен дамытуға шақырды. 2017 жылдың қыркүйегінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 1,1 мың жобалар жасалынып министрліктер мен әкімшіліктерде алғашқы іс-тәжірибелер жүргізілді. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын іске асыруды Ұлттық аударма бюросы қолға алды (Н. Назарбаев, 2017, 373 б.). Және ол қазіргі уақытта алғашқы оқулықтары жарыққа шығара бастады. Бұл дегеніміз студенттерге жаңа сапалық деңгейде білім берудің бастамасы болып, жастарымызды жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімдеу деген сөз.

Ендігі жерде қазақ елінің білім саласында жүрін өткен тарихына көз жіберіп, қарап көрсек: адам, қоғам, мемлекет үнемі өзгеріске ұшырап, ұдайы жаңғырып отырады. Осы өзгерістермен қатар білім саласы да өзгерін, жаһандану процесінде жанданып келеді. Тәуелсіздік алғаннан бері осы жаһандану білім саласын өз жетегіне алып, желпінін бара жатқандай. Сабак беруде түрлі әдіс-тәсілдерден қағазбастылыққа көшкен реформалар толассыз келін жатқаны белгілі. Ата-баба салған сара жолдан ауытқып, білім беруден түрлі желікпе кітаптардың авторлары көбейді. Жәй-жапсарын білмей жатып түрлі технологияларды бірінен соң бірін енгізін жатырмыз. Батыстың білімін қуып жетеміз деп білім емес, сандық көрсеткішке баса назар аударып жіберген сияқтымыз.

Қазақ даласының қоңырауы Ыбырай атамыз заманында маңызды мәселелер көтерін XIX ғ. 80-жылдарында мектептер ашты. Мектеп оқушыларына арнап ана тілінде тұңғыш оқулықтар жазып, оқу әдістемелік құралдарын құрастырды. Қазақ халқын білім нәрімен сусындатып, озық елдердің қатарына қоссам деген арманы болды. Үздіксіз алға жылжыған тарих көшінің басында қазақ елін биік белестен көрсетуде басын бәйгеге тіккен тұлғалар дүниеге келді. Дана Абайдан алған тәрбиелерін біліммен ұштастырып, озық елдердің ғылымы мен білімін игерген қазақ зиялылары – *Алаш* азаматтары дүниеге келді.

Алаштың алыптары - Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы ел тағдыры шешілетін уақытта бағдарламалар дайындап, жалпықазақ сиездерін ұйымдастырып, жоғары дәрежеде саяси мәдениеттіліктерін көрсетті (Н. Құдайбергін, 2016, 165 б.).

Қазақтың тұтастығы мен елдігін аңсаған зиялыларды екіге бөлген шақта да олардың арманы бір болды. Кеңес үкіметі жеңіске жеткен уақытта мәдени құрылысты дамыту мәселесі көтерілгені белгілі. Осы тұста мектеп бағдарламасын және мектеп оқулығын жазуға Алаш зиялыларының өкілдері шақырылды. Бұл жерде Т.Рысқұловтың еңбегі ұшан теңіз. Білім мен ғылымды игерген азаматтарды арнайы шақырып оларға үлкен міндет артты. Зиялы қауым қысқа уақыт ішінде мысалы, Ахмет Байтұрсынов әлінпені, Әлихан Бөкейханов географияны, Қ. Сәтбаев алгебра оқулықтарын қазақ тілінде жазып шықты.

Туған халқына деген шексіз махаббатын ісімен дәлелдеген азаматтар ғой. Бұл еңбектер ұзақ уақыт өмір сүрді және әлі күнге дейін өзінің құндылығын жойған емес. Ал 2000 жылдардан бастап үздіксіз жазылған мектеп оқулықтары мен тест тапсырмалары білім алушылардың ойлау қабілетінен жаттанды білімге ойысты. Оқушылардың сөз саптау, сөйлеу мәдениеті төмендеді. Бір сәттік материалдық игілік үшін шыққан оқулықтардың сапасының ғұмыры қысқа әрі, уақытша еді. Келмеске кеткен кеңестік кезеңде бәрі тамаша болмасада, ол тұста да жанға жылулық беретін жақсылықтар болды. Былайша айтқанда, бір ғалым бір КСРО-ны асыраған уақыт болды. Ғылымды, білімді игерген адамдарға ерекше тапсырмалар жүктелін және ашқан жаңалығы өндіріске, білім саласына енгізілді.

Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі жетістіктеріне ештеңе жетпейді, дамудың келесі бір сатысына өткен еліміздің абыройы асқақ! Кезінде білектің күші қажет болғанда ешкімге есе жібермеген болсақ, білімнің сайысы кезінде де ешкімнен қалып қоймасымыз шын. Бұлай айтуымызға да мысалдарымыз жеткілікті. Мәселен, ғылым дамыды, өнер өсті, мәдениет пен әдебиет өркен жайды. Осы жетістігіміздің ішінде тек мектеп бағдарламасы мен оқулығымыз өркен жая алмай тұрғаны белгілі. Дегенмен де бұл салада да сең қозғалды деуге болады.

2014 жылдан бастап оқытудағы Кембридж тәсілінің теориялық негіздерін басшылыққа ала отырып, Қазақстанның бір топ педагогтері өзіндік *сындарлы оқытудың теориясын* жасап шықты. Бағдарлама *жаңартылған білім мазмұны* деген атау алды. Ерекшелігі оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бағдарлама білім алушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлық танытатын тұлға ретінде қалыптасуын көздейді. Мұғалім бейнесімен танылатын сан алуан тәсілдер табысты оқытудың көзі болып табылады. Табысты оқыту оқушылардың, қоршаған орта жағдайы және оқыту, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі ретінде қарастырылады (ПШО, 2015, 7 б.).

Бағдарламаның негізгі міндеті – болашақ мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіріп бағалауға көмектесу. Сондықтан оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістері оқытушының күнделікті тәжірибесі және кәсіби мән-мәтінмен өзара байланыстыра қарастырылады. Бағдарлама барысында педагогиканың әртүрлі аспектілері талқыланады. Осы бағдарламаның негізгі қағидаты тәжірибелік қызметті нақты ғылыми зерттеулердің дәлелденген нәтижелерімен кіріктіру болып табылады. Яғни, студенттер педагогиканың тиісті аспектілеріне қатысты ғылыми (зерттеу) материалдармен танысатын болады. Мұндай жұмыс тыңдаушылар бағдарламаға енгізілген оқыту мен оқудағы стратегиялар мен тәсілдерді қарастыру (таңдау, зерттеу, танысу т.б.) барысында сүйенетін теориялық негіздемені қамтамасыз ету үшін қажет.

Бағдарлама жеті модульді қамтиды және осы модульдердің стратегиялары мен тәсілдері сабақта бір-бірімен тығыз байланыста. 1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйренуді» қарастырады. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін көрсетеді. Қалай оқу керектігін үйрену немесе метасана оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді. (ПШО, 2015, 9 б.). 2. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету екі мағынада қарастырылады: оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту және мұғалімдердің сын тұрғысынан ойлауын дамыту. Оқушыларға қатысты сын тұрғысынан ойлау ақпарат пен

идеяларды синтездеу қабілеті, ақпарат пен идеяны шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілеті, өзінің оқуына қатысты тағдау жасау және басқалардың идеяларына күмәнмен қарау қабілеті ретінде түсіндіріледі. Мұғалімдердің сын тұрғысынан ойлауы өзінің жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сын тұрғысынан бағалауды қамтиды. 3. Оқу үшін бағалау және оқытуды бағалау тиімді бағаны түсіну барлық жаңа тәсілдермен тығыз байланысты. Бағалау - баланың оқуда алған қадамын және оған қолдау көрсету болып табылады. 4. Оқыту мен оқуда АКТ-ны пайдалану сандық технологияны меңгеру оны сабақ процесінде тиімді қолдану қазіргі заманның талабы. Ақпарат алу, бағалау, сақтау, өндіру, ұсыну, алмасу үшін АКТ-ны қолдану арқылы алынған ақпаратты интернет желісінде біріккен жұмыстар арқылы көрсете білу, жібере білу. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту дегеніміз оқушылардың таланты мен қабілетін оқу процесінде ашып, оларды дамытуды білдіреді. Оқушылардың қажеттіліктерін түсінуге қатысты ой-пікірлерді, барлық оқушыларды кеңінен оқытуға ықпал ететін оқу бағдарламаларын кеңейту және барлық оқушылардың осындай қажеттіліктерін қанағаттандыратын оқыту мен оқудың сараланған стратегияларын таңдау жөніндегі идеяларды қамтиды (ПШО, 2015, 10 б.). 6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу жоғарыдағы аталған модульдермен тығыз байланысты. Бұл модуль балалар дамуының оқудағы қолжетімділігі дәрежесін анықтайтын кезеңдеріне қатысты және «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» модулімен өзара байланысты. Мәселен, түрлі жастағы балаларда байқалатын метасана деңгейі, балалардың жас шамасына бейімделген сындарлы диалогті ынталандыру стратегиясы, әр жастағы балалар мүмкіндігіне сай беріледі. Сонымен қатар жауапкершілікті зерделеу тұрғысынан оқушылар арасында өзін-өзі бағалауда жүргізіледі. 7. Оқытуды басқару және көшбасшылық нақты сыныптарда мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек деген тұжырымға саяды (ПШО, 2015, 11 б.).

Аталған модульдер бір-бірімен өте тығыз байланыста екенін естен шығармаған жөн. Сабақтың толыққанды өтуіне де жағдай туғызады. Уақытты үнемді пайдалануға, білім алушымен тиімді жұмыс жүргізуге ыңғайлы және әр модульдің өзіндік қолданылатын әдіс-тәсілдері де бар. Жоғарыда аталған модульдер диалогтік оқыту, алған білімінің негізінде эссе жазу, тыңдалым, оқылым, айтылым бұлардың барлығы білім алушының ізденуін, өздігінен ой қорытып айта білуін, жалпы айтқанда сөздік қорының болуын көздейді. Әрине әлі де педагогтеріміз жұмыла іске кіріссе бұл процесте *толығып*, шыңдала түседі және өміршең болады деп есептейміз. **Жаңартылған білім мазмұны** бойынша үшінші деңгейде дәріс берген, бізге тренер болған Асима Дәулетбекқызы «бұл бағдарламаның олқы тұстарын дамытуға мүдделіміз, ол үшін бізге педагогтар жетіспейді, педагогтар жетіспейді емес, осы бағдарламаны қолға алып жұмыс істеуге келмейді» - деген еді. Қазақ елінің болашағы үшін біз жұмыла іске кіріскеніміз жөн болар еді. Кезінде Білім және ғылым министрі болған Ерлан Сағадиев Егемен Қазақстан газетіне берген

сұхбатында білім мазмұнының келешектегі реформаларына сілтеме келтіреді. ЮНЕСКО-ның **білім жөнінде хартиясы** дайындалып жатыр екен. Заман талабына лайықты жұмыс істеу үшін алдын ала іс-қимылымызды жоспарлауымыз керек. Кейбір елдерде дайындық жүргізіліп жатыр. Ол үшін бізге жаһандық сипаты бар хартия керек. Сондықтан жалпыға ортақ стандарт жазу өте маңызды. 2020 жылы аталған хартияға Астана қаласында қол қойылады деп жоспарлануда [Д. Анаш, 2018, 5 б.]. Біз бір жаңалықты толық игеруге үлгермей жатқанда әлем келесі бір жаңалықты тауып жатады ғой. Үлгеруіміз үшін тынбай еңбек етіп батыстың дамыған елдерінің жақсысын алғанымыз жөн. Және сол жақсы нәрсені ұлттық рухта дамытсақ нұр үстіне нұр болатыны сөзсіз. М. Әуезов «Япония Европа нені істесе, соған көз жұмып ере берген жоқ. Әрқайсының жиып апарған білімін зейінге салып, сынап, өздерінше қолайлы, жақсы дегендерін ғана алатын болды. Бұл турасында Джиснзу Нарусе деген бір профессордың айтқан сөзі бар: «Біз күнбатыстың жақсысын сіңіруге дайын тұруымыз керек, бірақ ол уақытта өзіміздің жақсымыз ұмтылмасын», - деген», - дейді (Н.Құдайберген, 2016, 189 б.).

Білім алушыны озық ойлы оқушы етіп шығару үшін дарынды ұстаз керек-ақ. Дарынды ұстаз қазіргі заманның барлық әдіс-тәсілдерімен және технологиясымен қаруланғаны жөн. Бірақ-та осы жолда технологияларымыз, атап айтқанда кең жолақты интернет жүйесі жетіспейді. Тіпті оны былай қойғанда интерактивті тақта мен компьютерлерде жетіспей жатады. Осындай кемшіліктер білім жүйесінің алға жылжуын тежеп жатады. Цифырлы білім беру ресурстарын дамытуда Алматы қаласы озық тұр деген ақпарат бар. Мектептер мен мектептерден тыс ұйымдарда іске қосылған робот-техника және 3D модельдеу үйірмелері 2692 оқушыны қамтыған. Оқушылар сарайы базасында балалар мен жасөспірімдер күшімен инновациялық бизнес жобаларды енгізуге арналған бизнес-инкубатор құрылмақ. Бұл балалардың ерте жастан зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға және мектеп бітірушілердің болашақта әлемдік бәсекелестік ортада лайықты орын алуларына мүмкіндік бермек (А, Октябрь, 2018, 6 б.) Осындай игі істер Қазақстандық мектептердің барлығын қамтыса мұғалімнің білім қаруы сақадай сай болар еді. Орта білім беру деңгейінде жаңартылған мазмұнды білім беруге кезеңдеп өту белгіленді және бұл 2020 жылы аяқталады. Осы ретте жаңартылған мазмұнды білім беруге сай технологияларда мектептерге жетін үлгерегні абзал болар еді.

Қазақстан Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуіндегі үшінші бастамасында: «Аталған шаралар орта мектеп түлекетрін жоғары біліммен неғұрлым көбірек қамтуға мүмкіндік береді, бұл – жалпы әлемдік тренд» - деген (Н.Назарбаев, 2018, 2 б.).

Ал енді 2020-2021 оқу жылында **жаңартылған білім мазмұны бойынша тоғызыншы** сыныпты бітірін келген мектеп оқушыларының білімін қарап көрейік. Тарих пәні бойынша білімін тексерін көрейін деген мақсатпен студенттерге тапсырма беріп көрсем мұғалім, бұл тапсырмалардың мәтіні болмайма, мәтінсіз біз қалай орындаймыз деген қарсы жауап алдым. Сонда

мәтінді толық оқымастан тек сұрақтың жауабын тауып бергенмен шектелген сияқты. **Ізденіс дегеніміз** тақырыптың мазмұнын игеруден басталады емес пе? Жаңартылған білім мазмұнының *бір кемшілігі* осы, себебі мұғалім бүгінгі күннің тақырыбын толыққанды түсіндірместен ізденіс деп сабақты тапсырма беруден бастап кетін жатады. Жалпы мұғалім тек бағыт-бағдар беруші ғана рөлді ұстанып қалған. Кезінде, үлгерімі төмен немесе үлгерімі жақсы деп бөлмей-ақ барлық сыныпқа бірдей тақырып түсіндірілетін, бірдей тапсырма берілетін, ал қазір мынаның үлгерімі төмен деп сабақты түсіндірместен оған оңай тапсырма берін сабақ соңында жинап алумен шектеліп жатыр. Бұған не себеп деп ешкім де бас қатырып жатқан жоқ. Себеп мынада, сабақ уақытының қысқа болуы, бағалау жүйесіне кететін уақыт (қазіргі уақытта әр бағаның өзіндік мінездемесі бар және оны тақырыппен байланыстырып жазасыз), қосымша деректерді пайдалануда АКТ-ның жетіспеуі, білім алушы айтылымға қарағанда жазылымға көп көңіл бөледі, бастысы мұғалімнің сабақты түсіндіруі аз және жоғарыдан келетін мәні жоқ ой елегінен өтпеген бұйрықтар. **Онышы** және **он бірінші** сыныптарға арналған **Дүние жүзі тарихының** тақырыптары мүлдем басқаша, яғни тарих емес қоғамтану, саясаттану, әлеуметтану немесе бір философияның ой-пікірін талқылау болып кеткен. Бұл – жалпы әлемдік **трендке** жатам? Спиралды білім деген осы ма екен. Тұтасымен бір ғылымды енгізіп тастаған. Тарих пәні өзінің спиралды білімін жасауы керек қой, мысалы: көнесімен орта ғасырында, жаңа заманда қандай еді, ал қазіргі уақытта жетістігі немесе кемшілігі не деген сияқты. Бұл жерде пәнаралық байланыс деген болуы керек, кезінде екінші класты оқығанда математика пәнінен көбейту кестесін үйреткенде оның авторымен таныстырып қысқаша мағлұмат беруші еді және сегізінші класта Химия пәнімен күмістің қасиетін А.Македонский жорығымен байланыстыратын сол кездегі берілген дерек санамызда әлі сақтаулы. Бағалау жүйесі мүлдем қате балдық жүйе, пайызы бар, оны әріппен белгілеу 70 балды не үшін 20 балды не үшін алдың деп есеп жазу миға қонымсыз жәйттар ғой. Жәй ғана емес-ау тақырыппен байланыстырып критерийін жазасыз. Сабақ жоспары тіпті (ҚМЖ) күлкілі жағдайда, кейбірі біледі, кейбірі түсінеді дегені несі деп ойланасың. Еселенген жұмыстар дұрыстап білім беруге де мұрша бермейді. Келешекте мықты әрі жан-жақты дамыған білімді игерген тарихшыны, математикті, әдебиетшіні дайындап шығарамыз десек білім жүйесінде кеткен методиканы және оқулықты бір жүйеге келтіргеніміз жақсы болар еді. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулықтың шыққанында білесіздер. Осы кітапты оқып шыққан адам бар ма? Оқыған болсаңыз тек бір елдің білімін немесе тарихын жазып кеткен. Тексеріс жоқ. Білімді бизнеске айналдырып жіберені түсінікті. Бұл халықтың келешегі үшін үлкен қауіп. Бұндай бизнестен бас тартпасақ «Қазақстандық тәсіл», «Қазақстандық тренд», «Қазақстандық бренд» дегендер тек арман болып қала бермек.

Қорыта айтқанда, жаһандық саясаттың желкенінде кетпей, әлемдік стандарттарға сай ақылмен шешілген білім беру жүйесін қалыптастыра отырып, рухани білім мен дәстүрден сусындаған оқушыны, яғни, жан-жақты

дамыған тұлғаны дайындап қоғамға дайындауымыз қажет. Білек сыбана кіріскен ұстаздардың санын арттырып, оларға әлемдік стандарттарға сай, халық мүддесімен үндесетіндей білімін шындап отыру қажет деп білемін. Шәкірттеріміз қоғамға пайдасын тигізіп, ғылымға құлашын кең сермеп кірісіп жатса, ол біздің кеудемізге таққан жұлдызымыз ғой. Кез-келген салада, әсіресе білімге бөлінген қаражатты тиімді пайдаланып, іске асыратын мүмкіндіктерді тежемей қадағалап жұмыс жүргізсек көкжиектен көрінген дамыған елдердің қатарында тұратынымызға шүбә келтірмес едік.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:

1. Арман Октябрь / Егемен Қазақстан 6 наурыз 2018 жыл.
2. Думан Анаш / Егемен Қазақстан 15 наурыз 2018 жыл.
3. Нурсұлтан Назарбаев Эра независимости. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2017-508 б.
4. Нурсұлтан Назарбаев Эра независимости. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2017-508 б.
5. Нұрбол Құдайбергелі «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» - Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2016.-288 б.
6. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі / Егемен Қазақстан 6 наурыз 2018 жыл
7. ПШО Студентке арналған нұсқаулық - «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.-183 б.

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНА ТАТАРЛАРДЫҢ
ҚОНЫСТАНУЫ, ҚОҒАМДЫҚ-МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ**

Ж. Б. Бахитжанова

Қазіргі таңда дүние жүзінде 262 астам мемлекет, 3000-дай этнос өмір сүріп жатыр. Тарихи оқиғаларға байланысты кей халықтар туған жерінен, тұрғылықты мекен жайларынан жырақта, өзге елде өмір сүреді. Көптеген ұлт пен этностардың тарихи қоныстауы қазақ жерінде де орын алды. Ұзақ уақыттан бері біздің жерімізде 140 астам ұлт өкілдері өмір сүріп келеді. Солардың бірі – татарлар. Тарихи деректерге сүйенер болсақ қазіргі заманғы татарлардың тек Еуразия аймағында ғана емес, әлемнің көптеген мемлекеттерінде өмір сүргенін көрсетеді.

Қазақстан көпэтносты мемлекет болып табылады, сондықтан республиканың қалыптасу және даму тарихындағы әрбір этностың орны мен рөлін зерделеу өзекті болып табылады.

Қазіргі Батыс Қазақстан аумағы бірнеше ғасырлар бойы қазақ, орыс және еділ-жайық халықтарының: татар, ноғай, қалмақ және башқұрт халықтарының түйісінде орналасқан.